



Уважаемые коллеги и сотрудники университета!

Сегодня мы провожаем старый 2022 год. Хотим сказать ему спасибо за тепло, стабильность и наши продвижения в области иноязычного образования и в деле подготовки специалистов высокого профиля. 2022 год предоставил нам широкие возможности для процветания и взаимодействия, в основе которых лежат общечеловеческие ценности – корпоративный дух, работа как семья и взаимовыручка. Успешное решение поставленных задач преумножает силу духа коллектива. От своих коллег мы ждем креативных инициатив по совершенствованию образовательных программ. Концентрируясь на теоретических и методологических проблемах образования, ППС университета работает над внедрением мультипликативности и контентной-специализированности модульных профобразовательных программ введением современно-востребованных аспектов содержания и форм профспециализаций.

Одной из важнейших задач нашего вуза является подготовка полиязычных студентов, которые будут реализовывать идеи триединства языков в жизнь. Успехов нам на этом поприще! С Новым годом! С новым счастьем! Пусть Новый год принесет вдохновение, процветание, долголетие, бодрость, жизнелюбие и стабильность. Пусть старый год заберет все невзгоды и печали, а новый — будет наполнен достижениями в реализации образовательных программ и микроквалификаций, пусть наши исследования публикуются в самых цитируемых журналах с высоким процентилем! Пусть растет число защитившихся выпускников докторантуры! Желаю мира, благополучия и счастья вам, пусть в Новом Году всё получится, и задуманное сбудется, чтобы будущий год принес нам столько радостей, сколько дней в году, и чтобы каждый день дарил нам улыбку и частичку добра. Пусть в следующем году мы все станем счастливее, добрее и внимательнее к окружающим нас людям, а мир откроет нам новые двери к успеху, процветанию и стабильности!

Председатель Правления-Ректор  С.С. Кунанбаева



ПРЕСТИЖНАЯ МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРЕМИЯ «HERTFORDSHIRE PRESS AWARDS»



Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана Салима Кунанбаева стала лауреатом престижной международной книжной премии Hertfordshire Press Awards. Научно-исследовательская книга «Competence-based modelling of professional foreign language education» (Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования), автором которой она является, получила награду в номинации «Best Research Book».

Церемония награждения состоялась 28 декабря 2022 года. Основатель издательства Hertfordshire Press и вице-председатель ECG (London) Марат Ахмеджанов вручил Салиме Кунанбаевой сертификат и памятную статуэтку.

Всего на премию были номинированы более 100 деятелей культуры, искусства и науки из 20 стран мира. Победа Салимы Сагиевны - результат продуманной, целенаправленной, упорной многолетней работы по обновлению и разработке современной методологии, концепции и теории иноязычного образования.

Литературная премия Hertfordshire Press Awards учреждена при поддержке Евразийской Творческой Гильдии (ECG London) и присуждается авторам одноименного издательства с 2013 года в качестве признания их заслуг и вклада в международное культурное наследие. Объявили лауреатов премии 2022 года в ноябре в Yunus Emre Institute (Лондон) в рамках фестиваля Британской литературной премии Hertfordshire Press Awards 18 ноября.

Казахский Университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, возглавляемый Кунанбаевой С.С., и отметивший в прошлом году свой 80-летний юбилей, является флагманом иноязычного образования. Университет возглавляет УМО РУМС по направлениям «Подготовка учителей по языкам и литературе» и по гуманитарной группе «Языки и литература». ППС университета создает словари на трех языках, разработали ГОСО «Языки триединства», обеспечивают республику учебно-методической литературой.

* * *

Rector of KazUIR&WL named after Ablai khan Salima Kunanbayeva became the winner of the prestigious international book award Hertfordshire Press Awards. The research book «Competence-based modelling of professional foreign language education», of which she is the author, received an award in the nomination «Best Research Book».

The award ceremony took place on December 28, 2022. The founder of the Hertfordshire Press publishing house and Vice-chairman of ECG (London) Marat Akhmedzhanov awarded Salima Kunanbayeva with a certificate and a commemorative statuette.

In total, more than 100 figures of culture, art and science from 20 countries of the world were nominated for the award. Salima Sagiyevna's victory is the result of thoughtful, purposeful, persistent long-term work on updating and developing modern methodology, concept and theory of foreign language education.

The Hertfordshire Press Awards literary award was established with the support of the Eurasian Creative Guild (ECG London) and has been awarded to authors of the publishing house of the same name since 2013 as recognition of their merits and contribution to international cultural heritage. The winners of the 2022 prize were announced in November at the Yunus Emre Institute (London) as part of the Hertfordshire Press Awards Festival of British Literature on November 18.

Headed by S.S. Kunanbayeva, Kazakh Abylai khan University of International Relations and World Languages is the flagship of foreign language education. The university celebrated its 80th anniversary last year. KazUIR&WL is headed by EMA REMC in the area of «Teacher training in languages and literature» and in the humanitarian group «Languages and Literature». The teaching staff of the university creates dictionaries in three languages, has developed the SMSE «Languages of the Trinity», provides the republic with educational and methodological literature.

www.ablaikhan.kz

@kazumo23

#kazumo23 #ablaikhan #KazUIR&WL

Международный круглый стол, посвященный 70-летию юбилею доктора филологических наук, профессора Махпирова В.У.

7 декабря 2022 года в Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана прошел международный круглый стол на тему «Современные тенденции лингвистики: от антропоцентрической парадигмы до антропологической лингвистики», посвященный 70-летию юбилею д.ф.н., профессора Махпирова В.У.

Профессор Махпиров В.У. является известным тюркологом и востоковедом, педагогом, отличником образования Республики Казахстан, награжден медалью Международной организации «ТЮРКСОЙ», памятным знаком Турецкого лингвистического общества (Turk dili kurumu). В 1998 г. защитил докторскую диссертацию на тему «Древнетюркская ономастика: источники формирования, особенности функционирования, структурные типы».

Областью научных интересов Махпирова В.У. является: тюркская ономастика (топонимика, антропонимика, этнонимика), тюркская лексикология, история тюркских языков, сопоставительное изучение языков, дискурс и анализ, лингвокультурология.

В.У. Махпиров участвовал в международных проектах «Сравнительный словарь тюркских языков» (Турция, 1991), «Функционирование уйгурского языка в Казахстане» (Университет Минзу, КНР, Пекин), выступал с научными докладами на многих международных конференциях в Москве, Стамбуле, Анкаре, Пекине, Казани, Бишкеке. В настоящее время профессор В.У. Махпиров является руководителем магистерских и докторских диссертаций на кафедре послевузовского образования и руководителем дипломных работ на кафедре восточной филологии.



С июня 1998 г. работает в Казахском государственном университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (заведующий кафедрой арабского языка и литературы факультета восточной филологии, директор Научно-исследовательского центра теоретической и прикладной лингвистики, профессора кафедры арабского языка и литературы факультета восточной филологии, декан факультета восточной филологии, профессор кафедры восточной филологии и в настоящее время профессор кафедры послевузовского образования). Им опубликовано более 70 научных работ в различных научных изданиях республики Казахстан и в зарубежных изданиях (Турции, КНР, странах СНГ), в том числе 7 монографий, 3 учебника.

В работе круглого стола приняли участие видные ученые КазУМОиМЯ им. Абылай хана, казахстанских вузов, научных организаций и ряд зарубежных ученых, среди них Yurdakul Yaşın / Юрдакул Ялчин, PhD (Турция), Кажыбек Ерден Задаулы, д.ф.н., член-корр. НАН РК, президент Международного тюркологического центра, Бекболаев Амангельды Жапарович, д.ф.н., проф., декан гуманитарного факультета Кыргызско-Славянского университета им. Б. Ельцина (Бишкек, Киргизия), Сафар Абдулло, действительный член академии Персидского языка и литературы (Иран), и многие другие.

Международный круглый стол прошел на высоком научном и познавательном уровне.

Взаимодействие КазУМОиМЯ имени Абылай хана с Ташкентским государственным университетом востоковедения

КазУМОиМЯ имени Абылай хана активно развивает внешние научные связи с ведущими зарубежными исследовательскими центрами, активно используя данные связи в процессе научной работы молодых ученых.

В рамках взаимодействия и развития межвузовского научного сотрудничества 19 ноября 2022 года преподаватели кафедры восточной филологии и кафедры перевода восточных языков факультета Востоковедения приняли активное участие в ежегодной международной научно-практической конференции на тему «Узбекистан-Китай: развитие исторических, культурных, научных и экономических отношений». Международная научно-практическая конференция была организована Ташкентским государственным

международных организаций, различных министерств и ведомств, отраслевые специалисты высших образовательных учреждений Республики Узбекистан, профессора и исследователи, молодые студенты-китаеведы. На международной конференции обсуждались актуальные вопросы китаеведения, современное состояние, история и перспективы торгово-экономических, политических, социально-гуманитарных и культурных связей между двумя странами.

Несомненно, данная конференция является ценным опытом для коллаборации университетов, а для молодых ученых, на наш взгляд, бесценным опытом представления своих материалов.



университетом востоковедения совместно с Университетом Ланьжоу и Институтом Конфуция при Ташкентском Государственном Университете.

В работе VI международной конференции по актуальным вопросам китаеведения также приняли участие представители высших учебных заведений и научных учреждений из КНР, России, Великобритании, Турции, Азербайджана, Кыргызстана, представители

**Кафедры восточной филологии и
кафедры перевода восточных языков**

«ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ»

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған дөңгелек үстел

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті шетел тілдері педагогикалық факультеті педагогика және психология кафедрасы «Рухани жаңғыру» жобасы аясында 18.11.2022 ж., сағ. 10.30 Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ» атты дөңгелек үстел өтілді. Аталмыш іс-шараны кафедра меңгерушісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Аскарқызы өзінің алғы сөзімен ашып, мақсатына тоқталып, оның қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі білімі мен әдебиеттануының реформаторы. Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркі –танушы, әдебиеттанушы, ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913-1918) ұйымдастырушы, әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1938) 150 жылдығына арналғандығы жайлы баяндады.

Дөңгелек үстелге шетел тілдері педагогикалық факультетінің педагогика және психология кафедрасының ұстаздары мен студенттері, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің жетекшісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты – Имаханбет Райхан Сахыбекқызы және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасы мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұстаздары қатысты.

дыбысты тұрақтандырғанын, осы арқылы мың жыл бойы мұсылман түріктеріне ортақ ескі әдеби тілде сақталған араб, парсы сөздерінен туындаған тіл шұбарлығының жойылғанын, қазақ тілін ғылым тіліне айналдырғанын нақты баяндады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Аскарқызы Алаш азаматтары жайлы өңгіме барысында А.Байтұрсынұлының бес рет тұтқындалып, екі рет жер аударылғанына бейнефильмнен үзінділер келтіре отырып баяндады. Бейнефильмдегі көріністер көрермендердің жүрегін тебіренгіп, көңілін толқытты.

Қатысушылар арасында бірқатар студенттер (Жабай Алуа) Ахмет Байтұрсынұлының аударма еңбектерінің мән-мағынасына, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталса, кейбірі (Әлайдар Аружан) «Маса» өлеңіндегі негізгі идеяны ашып көрсетті. Ал, студент-Беркінгали Наурызбек болса «Анаға хат» өлеңдерінің мазмұнын негізге ала отырып, кішігірім сахналық көріністі сомдады. Балтабай Назерке, Садық Шұғыла, Абдуласан Нұрай, Бекзат Байдәулет сынды студенттер көрермендерін Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерінен үзінділер оқыды.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Ш.А.Жалғасова Ахмет Байтұрсынұлының тағылымдық мағынаға толы әуезді өндерінен түсінік беріп, «Қарғаш», «Аққұм» өндерін домбыраның сүйемелдеуімен орындап, іс-шараға қатысушылардың қошеметіне бөленді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қасқыр мен қозы» өлеңі бойынша сомдалған (Артықбай Сымбат, Сапаралы Ұлдана, Абдуласан Нұрай) сахналық қойылым да тыңдарманның көңілінен шықты.

Дөңгелек үстелге қатысқан Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессорларының Ұлағатты ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы бойынша жасаған баяндамасы да көпшіліктің көңілінен шықты. Әсіресе, Алаш алыптарының өнегесін өскелең ұрпаққа насихаттау қажеттілігіне тоқталып, ана тілін меңгеру, ұлттық рухты, ұлттық сананы көтеру қазақ жастарының қолында екенін баса көрсетті. «Біз, баста дәурен тұрғанда өлемге өмір жүргізген елдің ұрпағымыз. Тіліміз, діліміз, елден ерек салтымыз дүниетанымымыз бен телегей теңіз рухани қазынамыз, фольклорлық мұрамыз, яғни бір ұлтта болуға тиістінің бәрі бархалықпыз. Мың жылдан бергі адамзат өркениетін оздырған түркі тілдес ортақ бабаларымызды айтпағанда, тілімізге тиек болып отырған Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазаққа ғана емес, алашқа, яғни күллі түркі жұртына ортақ өлемдегі әрбір ғалыммен иық тірестіре алатын ұлы ғалым. Сондай ұлы ғалымдардың бесігі болған бүгінгі тәуелсіз елдің болашағы жарқын болуы тиіс» екенін студенттерге өнеге ретінде атап өтті.

Дөңгелек үстелдің соңында модератор профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Аскарқызы іс-шараның өз мәресіне жеткенін айтып: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, өзіндік дара болмысын танытқан мысалшыл қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Ол шын мәніндегі нағыз күрескер – демократтық поэзияның негізін қалап, азаматтық жыр үлгісін жасаған халқының қалаулы азаматы.

«Қазавым, елім»- деп өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқаражүрегіне қозғау салып, ұйқысынан оятты. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгі мен ертеңі ұлағатты ұстаз поэзиясының өзегі болды. Ол өзінің ағартушылық, гуманистік идеяларын халқына поэзия тілімен жеткізді, туған халқы үшін қалтқысыз қызмет өтті. Халқының қалаулысына, елінің елеулісіне, сәулеті жарық жұлдызына айналды»- деп сөзін қорытындылады.

Әлбетте, қарастырылып отырғандөңгелек үстелдің қатысушыларына берер әсеріде, салар ойы да мол Ахмет теңдессіз ғалым. Теңдессіз ғалымның мұраларын таныған адам шындықтың шуағын сезініп, шыңға шыққандай болады. Егер, осындай іс-шаралары университет деңгейін, тұрақты түрде өткізіліп тұрса, болашақ маман иелерінің оның ұлттық сана -сезімін қалыптастыруда берері мол болар еді.

Шетел тілдері педагогикалық факультеті
педагогика және психология кафедрасы



Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ» атты дөңгелек үстелің мақсаты - Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын танып-білу арқылы студенттердің ұлттық санасын дамыту.

Алғы сөзден кейін «Беймәлім дерек» атты Ахмет Байтұрсынұлының қысқаша өмірі мен шығармашылығына арналған бейнефильм көрсетілді.

«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының зерттелуі мен зерделенуі» тақырыбында Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің жетекшісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты- Имаханбет Райхан Сахыбекқызының баяндамасы тыңдалды. Ғалым өз баяндамасында -бір бойына сан қырды жинаған Ұлт ұстазының – бұған дейін табылған мұрасын зерттеп, зерделеп, тарихи бағасын тұрақтандырып, табылмаған мұрасын іздеумен айналысып жатқан Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің ғылыми қызметкерлерінің еңбегімен таныстыра отырып, ұлы тұлға туралы жаңа мәліметтермен бөлісті, жаңа деректерді ұсынуы аталған дөңгелек үстелдің маңыздылығын арттырды. Одан әрі сөз алған кафедрамыздың профессоры п.е.к., К.Т.Жансүгірова ақын-жазушылардың аты аңызға арналған А.Байтұрсынұлының белгілі және белгісіз қырларынан берген пікірлерімен бөлісті. Ахметтану, алаштану істерінің күллі қазақтың жүрегінде орнығуы қажеттігін баса көрсетті.

Дөңгелек үстелге қатысқан студенттер де қызықты деректемелер ұсынды. Мәселен, 1 курс студенттері Умирбекова Алуа мен Шакибаев Асылбек «Ахмет Байтұрсынұлы- тіл білімінің атасы» тақырыбында баяндама жасап, слайд арқылы оның әліппіне сипаттама берді және күндердің күнінде түркі дүниесі тұтасса, қазақ тілі басты қатынас тілі болатынын батыл айтқан тұстарына тоқталып, ұлттық төл жазуын жасап, қазақ тіліне ғана тән 24

«Ғасыр ұстазы - учитель века»

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінде шетел тілдері педагогикалық факультеті педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен 25.11.2022ж., сағ. 10:00 Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ғасыр ұстазы - учитель века» тақырыбына психологиялық-педагогикалық олимпиада өткізілді.

Олимпиаданы Педагогикалық шетел тілдері факультетінің деканы фил.ғ.д., профессор А. Ислам салтанатты түрде ашты. Олимпиада барысында «Ахмет, Ұлт ұстазы» атты телехикаядан үзінділер көрсетілді.

Олимпиадаға 1 курс студенттерінен 6 команда қатысты:

1. «Жас Орда» - жетекшісі Ш.А. Жалғасова, п.ғ.к., профессор;
2. «САФА» - жетекшісі К.Т. Жансүгірова, п.ғ.к., профессор;
3. «Жарық» - жетекшісі Г.М.Аубакирова, п.ғ.к., доцент;
4. «Алтын Ғасыр Ұрпақтары» - жетекшісі Г.К. Сарканбаева, п.ғ.м., аға оқытушы;

5. «ҮЛЕС» - жетекшісі Ш.Н.Альдибекова, п.ғ.к., аға оқытушы;

6. «Ахмет Ізбасарлары» - жетекшісі А.С.Самархан, п.ғ.м., оқытушы.

өзін-өзі жетілдіруге жағдайлар жасау.

Педагогикалық-психологиялық олимпиада 4 номинациядан тұрды: 1. Команда таныстырылымы; 2. Сыныптан тыс іс-шаралар жоспарының құрылымы және мазмұнының қысқаша сипаттамасы 3. Эрудит; 4. Фильмді рецензиялау.

Осы номинациялардың негізінде олимпиадаға қатысқан 1 курс студенттері педагогика және психология пәндерінен меңгерген білімдері мен іскерліктерін көрсетті. Командалар Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, таныстыру кезеңінің мазмұнын кішігірім сахналық қойылымдар арқылы сипаттады. «Менің атым - Қожа», «Көксерек», «Писатели свободы», «Учитель на замену» фильмдерінен берілген үзінділерге педагогикалық талдау жасады.

Психологиялық – педагогикалық олимпиаданың нәтижесінде: «ҮЛЕС» тобы – I орын, «Алтын Ғасыр Ұрпақтары» тобы – II орын, «Жас Орда» және «САФА» топтары – III орынға ие болып, арнайы дипломдармен, ал номинация бойынша үздік білім көрсеткен командалар грамоталармен марапатталды.

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д.,



Әділ қазылар алқасы:

1. Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы – педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

2. Жанғарбаева Самал Габитовна – ПШТФ деканының тәрбие жөніндегі орынбасары, аға оқытушы.

3. Айдарханова Баян Қасымовна – психология ғылымдарының кандидаты, доцент.

4. Аширбаева Назилия Нурқанатовна – PhD, аға оқытушы.

5. Жанысова Камилла Нурлановна – жастар комитетінің төрайымы.

Педагогикалық-психологиялық олимпиаданың мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы аясында болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық шығармашылық өлеуетін ашуға және

профессор С.А. Ұзақбаева олимпиада жүлдегерлерін жеңістерімен құттықтап, алдағы білім жолында мол табыстарға жете берулеріне тілектестік білдірді.

Олимпиада жүргізушілері педагогикалық шетел тілдері факультетінің 1 курс студенттері Кенжебаев Арсен – (125 топ); Шаповалова Галина – (139 топ) олимпиадамызды қызықты өткізуге бар ынты-жігерлерін салды.

Педагогикалық шетел тілдері факультетінің 1 курс студенттері олимпиада соңында жюри мүшелері мен олимпиада қонақтарына өн-шашуларын жолдады. Педагогикалық-психологиялық олимпиадаға қонақ болып келген Халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті Абжамиев Айбек домбырада бірқатар халық күйлерін орындап, көрермендердің қошеметіне бөленді.



Ұлттың ұлы ұстазы

Биыл Алаш көсемдерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ғылымын академиялық жолмен ұйымдастырушы, XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы шоғырын тәрбиелеуші аса ірі тұлға, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде кеңінен атап өтілді.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы көшбасшыларының бірі, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы-ғалым, ұлттық жазу реформаторы, ағартушы.

Ұлттың ұлы ұстазының ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді. Ол «Қазақ» газетінің бас редакторы, Алаш Орда үкіметі басшыларының бірі, ақын, қоғам қайраткері, қазақ мектептерінің оқу құралдарына жаңа емле, араб графикасын енгізген, тұңғыш рет қазақ тарихында ұлттық әліпбидің негізін салып, мектептерде ұстаздық еткен педагог әрі мемлекет қызметкер болған.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

Ғұламаның ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқының болашағына қызмет етуге арналды. Осы ізгі мақсатта қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай еңбек етті, халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды.

Академик-жазушы М.Әуезов айтқандай, қазақ халқының «рухани көсемі» атанған Ахмет Байтұрсынұлы біріншіден, қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор, қазақ тілінің әліппесінің, оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу XX ғасырдың 10-шы жылдарынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ халқының сауатын кеңірек ашуға, ұлт мәдениетіне, оқу-ағартуына қызмет етті. «Байтұрсынұлы жазуы» қолданылған кезеңде жүздеген кітаптар мен өзге де жазба дүниелер жарыққа шықты, қазақ баспасөзін дамытты, қысқасы, бұл жазумен қалдырылған мол жазба мұра қазіргі мәдениетімізге де

орасан зор қызмет етіп отыр. 1930 жылдарға дейін хат танығандардың күнделікті қолданысында орын алып келді. А.Байтұрсынұлы әліпбиі күні бүгінге дейін қолданылуда: Қытай, Ауғанстан, Иран елдерінде тұратын қазақтар сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Үшіншіден, А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен тілін, мәдениет тарихын зерттеуші тұңғыш филолог, тарихшы ғалым және Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі. Төртіншіден, ол қазақ халқына, еліне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі. Сталиндік режимнің құрбаны.

А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойған: ол әуелі қазақша сауат аштыру мақсатында – «Оқу құралды», одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйрету үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды», үшінші – дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуды үйретуге көмектесетін «Тіл жұмсарды» жазды, төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алып «Баяншы» мен «Әліппе астары» оқу құралдарын жазды, бесіншіден – балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген «Оқу құралы» деп аталған үлкен хрестоматия (Т.Шонановпен бірігіп) құрастырды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне үлкен үлес қосқан ақын ретінде ол өз өлеңдерінде халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға шақырды, патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Халқының азаттығына, білімі мен мәдениетіне бар ғұмырын арнаған Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы мен өнегелі өмірі ұлтқа қызмет етудің айрықша үлгісіне айналды. Қазақ даласына терең біліммен қатар, саяси еркіндік қажет екенін түсінген ол мемлекетшіл қайраткер, дербестік жолындағы күрескер деңгейіне көтерілді.

Азаттықтың аңсарын, тәуелсіздіктің бағасын және қазіргі жаһандану дәуірінде ұлт болып сақталудың маңызын ұғынған сайын Ахмет Байтұрсынұлының бо-дан-дықтан бостандыққа ұмтылған күресі, туған халқын білім мен мәдениеттің өріне шақырған асыл мұрасы жадымызда жаңғыра түседі. Ұлттың ұлы ұстазының рухына тағзым етіп, құрмет көрсету және оның артында қалдырған рухани мұрасын мұқият сақтап, жас ұрпаққа өнеге ету – баршамыздың азаматтық борышымыз.

Н.Жанақова, Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Ұлтымыздың ұлы тұлғасы

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, халқымыздың бейбіт те берекелі өмір сүруі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолда басын бәйгеге тігіп, «тар жол, тайғақ кешу» жолынан өткен көрнекті қайраткер. Сонымен қатар Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтты, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, Менікі – ертен үшін» деген ол болашақ ұрпақ үшін қызмет етті.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақты рухани тәрбиелеп, менің ұлтым келешекте сауатты болсыншы деп, басқа біреудің жетегіне ермесінші деп, халқын біліммен байытқан ұлтымыздың асыл ұстазы.

Қазақ әдебиетінің классигі С.Сейфуллин «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы 2 ақпан күнгі санында жарияланған «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» атты мақаласында: «Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды... Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері – зор қызмет. Бұл қызметінің, әсіресе көзге көрінетіндігі: өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. А.Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл» – деп ерекше атап өткен болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы құрылған Алаш

автономиясын құрушылардың және Алашорда басшыларының бірі. Өмірінің әр күнін қазақты тәуелсіз әрі білімді етуді армандаумен тер төгіп өткен.

Сол кездегі Ресей үкіметінің отаршылдық саясатын сынап, қазақ халқын өнерге, білім игеруге шақырды, жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып, осы басылымның бас редакторы болды.

Алматы, Ташкент, Орынбор қалаларында қазақ тілі, әдебиет, тарих, әдебиеттану, мәдениет тарихы пәндерінен сабақтар берген. Қазақ әліппесін жазуды 1910 жылдан бастап қолға алып, араб таңбалары арқылы оны қазақ фонетикасына икемдеп, қазақ әліпбиін ойлап тапқан. Ол әліпбиді осы күні Қытай, Ауғанстан, Иран елдерін мекен еткен қазақтар қолданады. Қазақ тарихындағы 1930 жылдарға дейінгі құнды материалдар мен құжаттар дәл осы Байтұрсынұлы әліпбиімен шығарылған кітаптар мен басылымдарда жарияланды.

Өзіңіз ойлап қараңызшы, бұл қаншама ұйқысыз өткен түндер? Қазақтың ұлт ретінде болашағы бар екендігін осындай тұлғалардың біздің ұлтта болғандығынан анық көре аламыз.

Тілекберген Жанат, Менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің журналистика 122-топ студенті

Ғажайып тұлға

Биыл ұлт ұстазы, түркітанушы, Алаш қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр.

Түрколог, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Тоғыз жасында орыс-қазақ мектебін бітірген ол Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын төртжылдық училищеге оқуға түседі. 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен бастауыш сынып мұғалімі болды. 1895 жылы жас Ахметтің еңбек жолы басталды. 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы облыстарындағы орыс-қазақ мектептерінде сабақ берді, Омбыда және Торғай облыстық халық училищесінде мұғалім болды.

А.Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі оның қоғамдық-саяси қызметіндегі ең жемісті кезең болғандығын айта кеткен жөн. Ол жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ зиялыларын қолдаған тұңғыш ұлттық «Қазақ» газетінің алғашқы редакторы, әрі тұрақты авторы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы саяси күреске

белсене қатысты. «Алаш» ұлттық-патриоттық саяси партиясын құрушылардың бірі болды.

Ол қазақ халық ертегілерін жинап, басып шығаруға үлкен үлес қосты, Пушкин, Лермонтов, Вольтер т.б. өлеңдерін де қазақ тіліне аударды, қазақ әліпбиі мен қазақ тілі бойынша оқулықтар жазды. Сонымен қатар ол кішкентай балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық ізденістерінің нәтижесінде қазақ әліпбиі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы туралы іргелі еңбектер жазылды. Ол қазақ әдебиетін биік деңгейге көтерді, ұлттық білімді дамыту ісіне зор үлес қосты.

